

ҚазҰАЗУ базасында "Demo Day" байқауы өткізілді

✓ 2025 жылғы 20 ақпанда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің (ҚазҰАЗУ, KazNARU) базасында Hult Prize ҚазҰАЗУ Демо күні өтті. Демо күні студенттерді іс-шараға тарту және маңыздылығын арттыру мақсатында өткізілді. Кездесуге 5 университет – Алматы қаласының түрлі университеттері (ҚБТУ, ҚазҰУ, ҚАУ, UIB, Тұран және т.б.) экономикалық және басқа да мамандықтарының студенттері мен магистранттары қатысты, олар 6 Стартапты ұсынды.

✓ MBA/EMBA бағдарламасының үйлестірушісі, KazNARU халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Рафис Абазов мұндай іс-шаралар тек белгілі мәселелерді талқылауға және өз пікірін көпшілік алдында қорғауға ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде және өңірлерде жаңа достар мен пікірлестер табуға ықпал ететінін атап өтті.

✓ Аталған іс-шараның ашылу салтанатына Орталық және Оңтүстік Азия бойынша өңірлік Hult Prize үйлестірушісі – Суприя Жангре ханым (онлайн), Қазақстан бойынша Hult Prize үйлестірушісі-Нельсон Изах, Efes Kazakhstan – Жанна Абзалтынова, Тұран университетінің коммерцияландыру орталығының директоры және Қазақстан республикасындағы бизнес инкубаторлар мен акселераторлар қауымдастығының негізін қалаушы Ерболат Оразбекұлы, ҚБТУ бизнес-инкубаторының директоры-Владимир Попов, "United logistics services" ЖШС басшысы - Зкаил Семембаев, кәсіпкер, Ріерер брендінің негізін қалаушы-Бексұлтан Оразбеков және тәлімгер, ҚБТУ қызметкері-Екатерина Новоселова, ҚБТУ–дағы Women Entrepreneurship Club бағдарламасының үйлестірушісі-Балжан Шаяхметова және т. б. шақырылды.

✓ Нельсон Изах іс-шараның негізгі сәттерімен бөлісті, қатысушылармен танысып және осы іс-шараны ұйымдастырудың және оған қатысудың маңыздылығын атап өтті. Ол 3 маңызды бағытты атап өтті:

- 1) Hult prize дегеніміз не, не үшін оған қатысу маңызды;
- 2) Алғашқы Стартапты құру қаншалықты маңызды;
- 3) Болашақта қандай артықшылықтар мен мүмкіндіктер ашылады.

✓ Жасыл және тұрақты даму институтының жетекші маманы және Campus Board Hult prize KazNARU бағдарламасының директоры Майя Сүйінчалиева да қонақтар мен студенттермен танысып, осы кездесуді өткізудің маңыздылығын атап өтті, барлық сұрақтарға жауап берді. Бұл бағдарламаға тартудың негізгі нүктесі кез-келген ойды болашақта нақты бизнеске енгізуге болатындығын, ең бастысы берілмеу және жұмысты жалғастыру маңызды екендігін атап өтті. Сондай-ақ, осы бағдарламаның мүмкіндіктерімен бөлісіп және осындай кездесулерді өткізіп алмауға кеңес берді.

✓ Байқау аясында студенттер өздерінің стартаптарын таныстырды: Comfortable Ride, Alsort, Soile AI, OrtaTap, "бөтелкелерді сұрыптау", "тас ыдыстар". 6 стартап алғашқы іріктеу байқауынан өтті, олар келесі Демо-күн байқауларында да сайысқа түсетін болады. Түйіндей келе қазылар алқасынан ең көп ұпай жинаған жеңімпаздар анықталды. Hult Prize бағдарламасы аясындағы жергілікті жарыс - бұл жыл бойы Демо-күн байқауларына қатысқан, болашақта жобаларды бағалайтын тәуелсіз сарапшылар дайындайтын және соңында ақшалай сыйлық пен әлемнің кез келген еліне сапар ұтып алған жеңімпаз анықталатын мүмкіндік.

✓ Іс-шараны ЖОО базасында стартап бағыттарды дамыту және халықаралық рейтингтерге қатысу мақсатында жасыл және тұрақты даму институты ұйымдастырғанын атап өткен жөн.

KazNARU баспасөз қызметі











